КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 1 тамыз №2301-25-00-2/1098 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Су Арнасы» КМК «Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Azamat San-Service» Айгерим Кошкарбаевна Бисенбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.3 822 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.А.Мақсотова
Прокурор К.Таргинова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 26 ақпанда мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-122 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Созба сым, Көміртекті болаттан жасалған Катанка, диаметрі 8 мм ГОСТ 30136-96 (РСУ) 500 кг» тауарларды жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 182 475 теңге, тауарды жеткізу мерзімі Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 2 сәуірге дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауарларды жеткізу бойынша әрекеттер жасалмаған, ол туралы жауапкерден ешқандай туындаған қиыншылықтар туралы дәлелді хат келіп түспеген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 3 822 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор К.Таргинова талап толық қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытындысын берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 26 ақпанда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-122 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға №1 қосымшада көрсетілген тауарларды жеткізуді міндеттенген. Орындау мерзімі – 2025 жылы 2 сәуірге дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, мекеме үшін қажетті

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 08.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.09.2025, судья Дәурешова О. Ш., 17.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тауарлар жеткізілмегендігін, шарт бір жақты 2025 жылғы 23 шілдеде бұзылғанын көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 3 822 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, жауапкерден жиырма бір кешіктірілген күн үшін (2025 жылғы 3 сәуірден 23 сәуірге дейін) 3 822 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 114 теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Су Арнасы» КМК «Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Azamat San-Service» Айгерим Кошкарбаевна Бисенбаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 3 822 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Azamat San-Service» Айгерим Кошкарбаевна Бисенбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Azamat San-Service» Айгерим Кошкарбаевна Бисенбаевадан «Атырау облысы Су Арнасы» КМК «Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің пайдасына 3 822 (үш мың сегіз жүз жиырма екі)

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 08.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.09.2025, судья Дәурешова О. Ш., 17.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

теңге тұрақсыздық айыбы, 114 (бір жүз он төрт) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Azamat San-Service» Айгерим Кошкарбаевна Бисенбаевадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 08.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.09.2025, судья Даурешова О. Ш., 17.09.2025

2301-25-3-1/1220